



اللَّهُمَّ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ
وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا
إِنْ كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ

ЕГЕР МҮМИН БОЛСАҢДАР
АЛЛАҢҚА ҒАНА ТӘУЕКЕЛ ЕТІҢДЕР

Ұлы Аллаһқа тәуекел ету

Аллаһқа ғибадат етудің сан алуан түрі болады және ол өзіне жүрекпен, тілмен және сыртқы амалдармен жасалатын ғибадаттарды қамтиды, ғибадат түрлерінің барлығы өте маңызды және оларсыз Жаратушыға құлшылық ету мүмкін емес. Жүрекпен, тілмен және дене мүшелерімен жасалатын Аллаһқа ұнамды амалдарды тұтас орындау қажет. Міне, Аллаһ Тағалаға құлшылық етудің өте маңызды, ұлы және оның орнын басқа ешнәрсе баса алмайтын түрлерінің бірі – бұл Ұлы Аллаһ Тағалаға тәуекел ету (араб тілінде – «тәуәккул»).

Тәуекел – адамның кез-келген жағдайда жүрегін Аллаһқа толықтай байлауы, Оған сенім артуы, сабырлық таныту арқылы Оның қолдауына жүгінуі, осы арқылы рухани тыныштық пен байсалдылық сезінуі әрі Аллаһтың жәрдеміне толықтай сүйеніп, істерінің барлығын Оған тапсыруы. Аллаһқа тәуекел етіп, Оған үміт арту – діннің жартысы. Біз намаздарымызда «әл-Фатиха» сүресін оқығанымызда:

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ (۵)

«Саған ғана құлшылық етеміз және Сенен ғана жәрдем тілейміз!», - деп айтамыз. Бұл сөздер дініміздің бірінші жартысы – Аллаһқа көптеген ғибадат түрлерімен, соның ішінде намазбен жүгіну (бұған **«Саған ғана құлшылық етеміз»** сөздері нұсқайды), ал Аллаһқа тәуекел ету (бұған **«Сенен ғана жәрдем тілейміз»** сөздері нұсқайтындай) - оның екінші жартысы екендігін үйретеді. Бұл сүре Аллаһ Тағалаға тәуекел етпей ешбір игілікке қол жеткізу мүмкін еместігін, соның ішінде Аллаһқа құлшылық етуімізді де өзімізге сүйеніп жасауымызға болмайтынын үйретеді. Біз намаз оқимыз, зекет береміз, ораза ұстаймыз, қажылық жасаймыз, пайдалы білім алып, ізгі амалдар жасаймыз, әрі бұл істердің барлығында міндетті түрде Аллаһқа тәуекел етеміз және Оның көмегіне сүйенеміз, әрі онсыз мүмкін емес.

Көптеген адамдар күнкөріс табуда, үй салуда, отбасын құруда және басқа да дүние істерінде Аллаһқа тәуекел етеді, бірақ амалдарды орындауда, ең алдымен құлшылықта, адамдарды Исламға және Аллаһқа мойынсұнуға шақырғанда Жаратушыға тәуекел ету керек екенін есте ұстайтындар аз. Сондықтан да бізге, азаншының намазға шақырып: «Хәййә ғалә-с-соләти, хаййа ғалә-л-фәләх»

(«Намазға асығыңдар! Құтылуға, жетістікке асығыңдар!», - деп айтатын сөздерін естіген уақытта, «Лә хәулә, уә лә қуаата иллә би-Лләһи әл-Ғалий-ил-Ғазыйм» («Аса Жоғары, Ұлы Аллаһтан басқа ешкім күш пен қуат бере алмайды») деп айту бұйырылған. Яғни Ұлы әрі Мейірімді Раббымыз бізге күш-қуат беріп, бізді жалқаулыққа, бекершілікке, дүние игіліктерін қууға, және бізді намаз бен тәубеден тыйдыратын шайтанның ықпалы мен күнәһар нәпсілеріміздің зұлымдығынан қорғаса ғана намазға тұрып, Аллаһтың шақыруына жауап бере алатынымызды есте сақтап, түсінуіміз қажет.

Аллаһқа тәуекел ету – Жәннатқа апаратын жол. Аллаһ Тағала былай деген:

كُلُّ نَفْسٍ ذَائِقَةُ الْمَوْتِ ۖ ثُمَّ إِلَيْنَا تُرْجَعُونَ

وَالَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ لَنُبَوِّئَنَّهُمْ مِنَ الْجَنَّةِ غُرَفًا تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا ۚ

نِعْمَ أَجْرُ الْعَامِلِينَ

الَّذِينَ صَبَرُوا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ

«Әрбір жан иесі өлімді татады. Кейін Біз жаққа қайтарылады. Әрі иман келтіріп, ізгі іс істегендер, Біз оларды әлбетте астынан өзендер ағатын Жәннаттың жоғарғы орындарына орналастырамыз, олар онда мәңгі қалады.

Амал істеушілердің сыйы нендей жақсы. Олар сабыр етіп, Раббыларына

тәуекел етеді!»

(«әл-Ғанкабут» сүресі, 57-59 – аят).

Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына үмметінің ішінен Жәннатқа есепсіз және жазасыз кіретін жетпіс мың адам болатынын айтып хабарлады. Бұл нағыз бақытты адамдар туралы естіген сахабалар олардың кім екенін және олардың арасында болу үшін не істеу керек екенін білуді қалады. Олар бұл мәселені өзара қызу талқылап, түрлі болжамдар айта бастады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың араларындағы алаңдау жайлы білгенде, оларға бұл адамдар кім болатынын түсіндіріп, былай деді:

«Олар басқаралардан дем салуды сұрамайтындар, сәуегейлердің бал ашулары мен жаман ырымдарға сенбейтіндер және сүйенбейтіндер, әрі Раббыларына ғана тәуекел ететіндер»

(хадисті әл-Бухари 3410, Муслим 220, әт-Тирмизи 2448, әд-Дарими 2810, Ахмад 271/1 жеткізген).

Егер адам Аллаһқа ғана тәуекел етсе, бұл оның иманы бар екендігін дәлелдейді. Шынайы мұмин тек Аллаһ Тағалаға ғана арқа сүйейтіні сөзсіз. Ал кәпірлер, екіжүзділер мен пасық-күнәхарлар Аллаһқа тәуекел етпейді, олар не өздеріне, ақылдарына, не адамдарға, ақшаға, қоғамдағы орынға, физикалық күшке, періштелерге, әулиелерге, дәрігерлерге және басқа да жаратылған нәрселерге сенім артады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде бізге былай деп үндейді:

وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ

«Егер мұмин босаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер!»

(«әл-Мәйда» сүресі, 23-аят).

Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّمَا الْمُؤْمِنُونَ الَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ اللَّهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ آيَاتُهُ زَادَتْهُمْ إِيمَانًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ

الَّذِينَ يُقِيمُونَ الصَّلَاةَ وَمِمَّا رَزَقْنَاهُمْ يُنْفِقُونَ

أُولَٰئِكَ هُمُ الْمُؤْمِنُونَ حَقًّا ۚ لَهُمْ دَرَجَاتٌ عِنْدَ رَبِّهِمْ وَمَغْفِرَةٌ وَرِزْقٌ كَرِيمٌ

«Сөзсіз, мұминдер Аллаһ еске алынса, жүректері қобалжиды, оларға Аллаһтың аяттары оқылса, имандары артып, Раббыларына тәуекел етеді. Сондай-ақ олар намазды толық орындап, өздеріне берілген несібемізден тиісті орынға жұмсайды. Міне, солар - шынайы мұминдер. Олар үшін Раббыларының алдында дәрежелер және жарылқау әрі көркем несібе бар»

(«әл-Әнфал» сүресі, 2-4 – аяттар).

Кімде-кім Аллаһқа тәуекел етсе, күш-қуатқа, батылдыққа, құдірет пен ұлылыққа ие болады. Аллаһқа шын тәуекел ететін адам Одан басқа ешнәрседен және ешкімнен қорықпайды. Худ пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) еске алыңыздаршы. Аллаһ оны Өзінің елшісі ретінде Ғад қауымына – яғни орасан зор әскери және экономикалық күшке ие болған, айналасындағыларға үрей салатын, шындық пен әділетті жоққа шығаратын тәкаппар, менмен, күнәһар халыққа жіберді. Бірақ Худ оларға қарсы үндеу тастаудан және оларды Аллаһқа мойынсұнуға шақырудан қорықпады. Неліктен? Оны не нығайтып, оған не күш берді? Аллаһқа деген тәуекел. Олар оны өздерінің жалған құдайларымен қорқыта бастағанда, ол былай деді:

إِنِّي أَشْهَدُ اللَّهَ وَاشْهَدُوا أَنِّي بَرِيءٌ مِّمَّا تُشْرِكُونَ

مِنْ دُونِهِ ۖ فَكَيْدُونِي جَمِيعًا ثُمَّ لَا تُنْظَرُونَ

إِنِّي تَوَكَّلْتُ عَلَى اللَّهِ رَبِّي وَرَبِّكُمْ ۚ مَا مِنْ دَابَّةٍ إِلَّا هُوَ آخِذٌ بِنَاصِيَتِهَا ۚ إِنَّ رَبِّي عَلَى صِرَاطٍ

مُسْتَقِيمٍ

«Расында, мен Аллаһты айғақ қыламын, сендер де айғақ болыңдар. Мен сендердің Аллаһтан басқа құлшылық ететін нәрселеріңен бас тартамын.

Маған қарсы бәрің қосылып мекерлік қылыңдар да, содан кейін мұрша бермеңдер. Расында, мен менің Раббым әрі сендердің Раббыларың Аллаһқа тәуекел етемін. Ол кекілінен ұстамаған (толық меңгермеген) ешбір тірі жан

жоқ. Күдіксіз Раббым тура жолда»

(«Худ» сүресі, 54-56 – аяттар).

Мүминдер қорқыныш сезінгенде: «Хасбуна-Ллаһу уә ниғмә-л-уәкил» («Бізге Аллаһ жеткілікті, ол неткен керемет Қамқоршы!», - деп айтады, сонда шайтандардың салатын осы үрейлері тұмандай болып сейіліп жоқ болып кетеді. Ибраһим пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) көпқұдайшыл тайпаластары отқа лақтырғанда да, ол осы сөздерді айтқан болатын. Әрі сонда не болды десеңізші?! Аллаһ Тағала жалынды отты ол үшін салқын әрі зиянсыз етті. Дәл осындай сөздерді Мухаммад пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары да жаулардың оларды жою үшін жиналғанын естіген кезде айтқан еді. Әрі осы, яғни Хақ Аллаһқа деген толық тәуекел олардан жамандықты қайтарып, олар Аллаһтың мейірімі мен разылығын алды!

Аллаһқа тәуекел ету бүкіл нығметтерге ие болудың, бұл дүниеде де, мәңгілік өмірде де бақытқа қол жеткізудің себебі болып табылады. Неліктен? Өйткені Аллаһ Тағала Өзіне тәуекел еткендерді жақсы көреді. Ол былай деген:

فَإِذَا عَزَمْتَ فَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ ۚ إِنَّ اللَّهَ يُحِبُّ الْمُتَوَكِّلِينَ

«Сонда қашан қарар берсең, Аллаһқа тәуекел ет. Негізінен, Аллаһ тәуекел етушілерді жақсы көреді»

(«Әли-Имран» сүресі, 159-аят).

Егер Аллаһ біреуді жақсы көрсе, Ол оны ешқашан Тозаққа тастамайды. Аллаһ Тағала біреуді жақсы көрсе, Өз құлдарын да сол пендесін сүйетін етеді. Егер Аллаһ біреуді жақсы көрсе, оның дұғасын қабыл етіп, тілектеріне жауап береді.

Неліктен тәуекел ету екі дүниенің бақытының себебі? Өйткені Аллаһқа тәуекел еткендерге Аллаһ сансыз нығметтер мен сыйлар береді! Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«Егер сендер Аллаһқа дұрыс тәуекел етсеңдер ғой, Ол сендерге ризық-несебіні құстарға нәсіп еткендей берер еді: құстар таң атысымен (ұясынан) аш қарынмен ұшып шығып, кешке тоқ болып оралады ғой»

(хадисті Ахмад (1/30), ат-Тирмизи 2344, аль-Хаким 4/318 жеткізген, әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Бұл хадис бізге бір өте маңызды ережені үйретеді: Аллаһқа шынайы тәуекел ететін адам ұясынан аш қарынмен ұшып шығып, тойып оралған құстар сияқты аш қалмайды. Бірақ бұл хадистен біз тағы бір маңызды қорытынды шығарамыз: Аллаһқа тәуекел ету деген сөз әрекетсіз отыруды білдірмейді! Назар аударыңыз, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құстар ешнәрсе істемей, ұяларында отырып, тояды деп айтпады. Жоқ! Олар тамақ іздеу үшін ұшып кетеді және бұл үшін белгілі бір күш-жігер жұмсайды және міндетті түрде Аллаһтан ризық алады. Яғни дұрыс тәуекел – бұл әрекетсіздік емес. Жатып, ештеңе жасамай, ризық күту – үйленбей және тұрмысқа шықпай балалардың дүниеге келуін күту секілді. Бұл тәуекел емес, ақымақтық.

Адам еңбектеніп, талпыныс жасап, Аллаһ берген және діні рұқсат еткен, мақұлдаған амалдарды, күштерді, себептер мен мүмкіндіктерді пайдалануы керек. Адам өзіне тәуелді нәрселерді істеуі әрі сыртқы жағдайларды ескеруі керек, бірақ сонымен бірге жүрегінде Аллаһтың көмегіне сенімді болып, Жалғыз Оған ғана сүйеніп, нәтижені тек Одан ғана күтіп, өзін де, өз мұқтаждықтарын Оған тапсыруы қажет, сонда ол аш қалмайды. Өзіңізге тәуелді болған нәрселерді істеңіз, бірақ жасаған еңбегіңізге және сыртқы себептерге сүйенбеңіз, жүрегіңізді оларға байламаңыз, тек Аллаһқа ғана тәуекел етіп, сенім артыңыз, жүрегіңізді Жалғыз Оған ғана байлаңыз. Адамның өзінің күш-жігері мен іс-әрекетіне, кәсібіне, лауазымы мен жалақысына сенім артуы жаман, алайда оның тыйым салынған нәрсеге сенім артуы одан да жаман. Мұндай адам, мысалы, өзін егер ол ішімдік сатпаса, өсімқорлықпен немесе басқа да тыйым салынған ақша табу жолдарымен айналыспаса, өзін де, бала-шағасын да асырай алмайды деп ойлайды. Мұндай адам неткен бақытсыз! Ол иманның не екенін, тәуекелдің не екенін және Аллаһтың кім екенін түсінбеді! Ол Аллаһқа тәуекел ететін адамның ешнәрседен

қорықпайтынын, Аллаһ Өзіне мойынсұнбаудан қорыққандарға және Оған тәуекел еткендерге есепсіз ризық беретінін түсінбеді.

Әлемдердің Раббысы, патшалықтардың Патшасы, Бай әрі Мақтаулы Аллаһқа тәуекел етіңіз, сонда Ол сізді ризықтандырады, барлық мәселелеріңізді шешіп, барлық мұқтаждықтарыңыздан босатады. Егер барлық адамдар мен жындар бір алаңға жиналып, Аллаһтан өздерінің қалағанының бәрін сұраса және Ол олардың барлығына сұрағандарын берсе, бұл Оның иелігіндегі байлықты еш кемітпейтінін түсініңіз. Банктерге, вексельдерге, сақтандыруға, несиелерге, тыйым салынған саудаға сенбеңіз - бұл сізді тек әлсіретеді. Жүрегіңізді жаратылған ешбір нәрсеге байламаңыз – сіз Аллаһтың орнына соған сүйеніп, тәуекел еткен нәрсеңізде сәтсіздікке ұшырайсыз.

Тағы неліктен тәуекел етушілерден болу қажет? Өйткені Аллаһ Тағала Өзіне тәуекел еткендерді шайтанның айла-амалдарынан сақтайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِذَا خَرَجَ الرَّجُلُ مِنْ بَيْتِهِ، فَقَالَ: بِسْمِ اللَّهِ، تَوَكَّلْتُ عَلَى اللَّهِ، لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ، يُقَالُ لَهُ

حِينَئِذٍ: هُدَيْتَ وَكُفَيْتَ، وَوُقِيتَ فَيَتَنَحَّى لَهُ الشَّيْطَانُ. وَيَقُولُ شَيْطَانٌ آخَرُ: كَيْفَ لَكَ بِرَجُلٍ قَدْ

هُدِيَ وَكُفِيَ، وَوُقِيَ

«Егер адам үйінен шыққан кезде: «БисмиЛләһ! Тәуәккәлту ғалә-Лләһ, лә хәулә уә лә қуәатә иллә би-Лләһ» («Аллаһтың атымен! Мен Аллаһқа тәуекел еттім, Аллаһтан басқа ешкімнен күш пен қуат жоқ!»), - деп айтса, оған: «Сен тура жолмен жүргізілесің, (жамандықтан) құтыласың және (дұшпаннан) қорғаласың!», - деп айтылады. Сол кезде бір шайтан екіншісіне: «Тура жолмен жүргізілген, (жамандықтан) құтылған және (дұшпаннан) қорғалған адаммен не істей аласың?!», - деп айтады»

(хадисті Абу Дауд, 5095; әт-Тирмизи, 3426 және Ибн Хиббан, 822 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Тағы не үшін тәуекел етуші болу керек? Өйткені, Аллаһқа тәуекел еткен адамды Ол дұшпандардан құтқарады. Пайғамбардың Жәбир атты сахабасының бізге айтып берген бірде орын алған оқиғасын тыңдаңыз. Ол бірде өздерінің Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге ұзақ сапарда болғанын жеткізді. Олардың барлығы дем алу үшін тоқтағанда, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бір ағаштың көлеңкесінде жатып, оған

қылышын ілді. Ол демалып жатқанда, бәдәуи мүшріктерінің бірі оның қасына келіп, қылышын қынынан суырып алып: «Менен қорқасың ба?» - деп, басының үстіне көтерді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жәйбарақат: «**Жоқ**», - деп жауап берді. Мүшрик бәдәуи: «Сені менен кім құтқарады?», - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Аллаһ**», - деп жауап берді. Кенет қылыш күтпеген жерден мүшриктің қолынан түсіп кетті, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қылышты көтеріп: «**Ал сені менен кім қорғайды?**», - деп сұрады. Мүшрик: «Осы қылышты қолында ұстағандардың ең жақсысы болшы», - деп өтінді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ және мен Аллаһтың Елшісі екендігіме куәлік етесің бе?**», - деп сұрады. Ол: «Жоқ! Алайда мен болашақта сенімен соғыспайтыныма және сенімен соғысқандарды қолдамайтыныма уәде беремін», - деді және мейірбан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны сәлеметтік-есендікпен жіберді. Бәдәуи өз тайпаластарына оралып: «Мен сендерге адамдардың ең жақсысынан оралдым!», - деді. Міне, Аллаһқа тәуекел ету не істейді! Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірінен алынған бұл мысал жүректегі шынайы иман мен Аллаһқа деген тәуекелдің адамды дұшпандардың айла-шарғысынан қалай сақтай алатынын айқын көрсетеді.

Мүминдердің сипаты

Тәуекел (араб тілінде «әт-тәуәккул») – бұл ғибадаттың бір түрі және кез келген ғибадат секілді ол тек Аллаһқа ғана бағытталады. Кімде-кім жүрегінде Аллаһтан басқа нәрсеге сенім артса, сол арқылы ширк жасайды, яғни көпқұдайшылыққа, жалған тәңірге құлшылық ету күнәсына түседі, ал бұл - күнәлардың ең қорқыныштысы және жаманы.

Егер адам Аллаһ қана құдіретті болған нәрселерде Аллаһтан басқа нәрсеге немесе біреуге тәуекел етсе, бұл адамды дінінен айыратын ұлы ширк болады. Егер мұндай адам тәубе етпей қайтыс болса, Жәннаттан мәңгілікке мақұрым болып, Тозақ отына мәңгілікке кіреді. Жұлдыздарға немесе әулиелерге тәуекел етіп, сенім артып, олар сізден бақытсыздықты кетіреді немесе сізге байлық пен сәттілік жібереді, немесе әлдебір дерттен айықтырады деп үміттенетін болсаңыз, онда тезірек, кешіктірмей ақылға келіп, Жаратушыға тәубемен тез оралуыңыз керек. Аллаһ Тағала:

وَعَلَى اللَّهِ فَتَوَكَّلُوا إِن كُنْتُمْ مُؤْمِنِينَ (۲۳)

«Егер мұмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер», - деген. Осылайша, Аллаһ Тағала пенденің Оған ғана тәуекел етуін Оның мұмин құлдарынан болудың өлшемі мен шарты етті. Кімде-кім Аллаһқа тәуекел етпесе немесе Аллаһ қана құдіретті болатын нәрселерде Одан басқа әлдебіреуге сенім артатын, яғни тәуекел ететін болса, онда оның Иман мен Исламға еш қатысы жоқ.

Ал егер адам Аллаһтың қалауымен адамның шама-мүмкіндіктеріне сәйкес келетін нәрселерде Аллаһтан басқа біреуге тәуекел етсе, бұл адамды Исламнан шығаратын үлкен көпқұдайшылыққа жатпайды, бірақ ол ширктің бір түрі болып табылады, ал бұған да шарифатта тыйым салынған. Мысалы, кімде-кім қандай да бір күшті және ықпалды адамға сенім артып, ол оны жамандықтан қорғайды немесе оған ақша береді деп үміттенсе, бұндай адам үлкен ширкке түсіп, Аллаһқа иман келтіруді тоқтатады деп айта алмасақ та, оны көпқұдайшылықпен байланысты күнә жасады және үлкен қауіпке ұшырады деп айтамыз. Иә, біз өз істерімізді оларды басқара алатын әлдебір адамға сеніп тапсыруға құқылымыз, мысалы, біз өзіміздің сауда істерімізді сенімділігімен және кәсібилігімен белгілі біреуге тапсыра аламыз, ауырып қалсақ дәрігердің көмегіне, қысымға ұшырағанда билік басындағы адамға жүгіне аламыз, бірақ мұның барлығына қарамастан, біз бұл адамдардың барлығы сыртқы себептер, жолдар, тетіктер екенін түсініп, жүрегімізді тек Аллаһқа байлаймыз. Аллаһ қаласа, олар арқылы көмек беруі де, ал қаламаса, бермеуі мүмкін. Яғни бұл адамдардың барлығы Аллаһ қаласа ғана саған пайда келтіре алады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

وَاعْلَمْ أَنَّ الْأُمَّةَ لَوْ اجْتَمَعَتْ عَلَى أَنْ يَنْفَعُوكَ بِشَيْءٍ, لَمْ يَنْفَعُوكَ إِلَّا بِشَيْءٍ قَدْ كَتَبَهُ اللَّهُ لَكَ

«Егер барлық адамдар саған әлдебір пайда әкелу үшін жиналса, олар тек Аллаһ тағдырыңа жазғанын ғана жасай алатынын біл»

(хадисті әт-Тирмизи, 2516 жеткізді: әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 7957).

Демек, себептерге емес, оларды жаратып басқаратын Аллаһ Тағалаға тәуекел ету керек.

Кімде-кім Аллаһтан басқа біреуге немесе бір нәрсеге сенімін артатын болса, соның үміті үзіліп, үміттенген нәрсесінде сәтсіздікке ұшырайды, өйткені Аллаһтан басқаның бәрі уақытша, олар жойылады, Аллаһтан басқаның бәрі Аллаһқа толық мұқтаж болған Оның кедей құлдары. Бәрі Өзіне тәуелді, байлығы

мен күші мызғымас және мәңгі болған, Мәңгі Тірі және Құдіретті Аллаһқа ғана нық сүйеніп сенім артуға болады. Кімде-кім Аллаһқа тәуекел етпесе, сол өрмекшенің өрмегі немесе басқа бір тұрақсыз және сенімсіз нәрсеге сүйенген сияқты. Ал Аллаһқа тәуекел еткен адам ешқашан сәтсіздікке ұшырамайды. Мұндай адамның сүйенетін тірегі мызғымас әрі мәңгі. Ендеше, жаратылыстар қаншалықты күшті және бай болса да, оларға тәуекел етудің кісендерінен құтылып, Жаратушыға тәуекел етіңіз. Ол өзіне шын жүректен сенген адамның ешқашан көңілін қалдырмайды және сәтсіздікке ұшыратпайды. Аллаһ Тағала барлық дүниелік және діни істерімізде Оған тәуекел етуді бұйырады. Ол былай деген:

وَتَوَكَّلْ عَلَى الْحَيِّ الَّذِي لَا يَمُوتُ وَسَبِّحْ بِحَمْدِهِ

«Сондай еш өлмейтін, Тірі Аллаһқа тәуекел ет. Оны дәріптеп, мақта!»

(«әл-Фурқан» сүресі, 58-аят).

Ол сондай-ақ былай деген:

وَتَوَكَّلْ عَلَى اللَّهِ ۖ وَكَفَى بِاللَّهِ وَكِيلًا

«Аллаһқа тәуекел ет. Ол уәкілдікте жеткілікті»

(«әл-Әхзаб» сүресі, 3-аят).

Барша мұминдер үшін Аллаһтан шынайы, шыншыл, үлкен үміт күтудің ең биік үлгілерінің бірі – Ибраһим пайғамбардың әйелі мен Исмаил пайғамбардың анасы Хажәрдың оқиғасы. Аллаһ Тағаланың әмірімен Ибраһим пайғамбар сол кезде әлі сәбиін емізіп жүрген әйелі Хажәр мен ұлы Исмаилды қазіргі Қасиетті Мекке орналасқан жерге алып келіп, Қағба тұрған жерде, Зәмзәм көзі шыққан маңайдағы талдың қасында қалдырды. Ол кезде Меккеде адам да, су да болмаған. Ол әйелі мен баласын сонда қалдырып, оларға бір қап құрма мен торсықтағы суды тастады, ал өзі еліне қайта оралу үшін, бұрылып кетті. Исмаилдың анасы оның соңынан еріп: «Уа Ибраһим! Бізді адамсыз, ешнәрсе жоқ алқапқа тастап, қайда барасыз?», - деп сұрады. Ол бұл сөздерді оған қайта-қайта айта берді, ал Ибраһим бұрылмай жүре берді. Ол Ибраһимнен: «Бұны сізге Аллаһ бұйырды ма?», - деп сұрады. Ибраһим: «Иә!», - деп жауап берді. Сонда ол: «Онда Ол бізді қалдырмайды!», - деді де, бала қалған жерге оралды.

Оның «Ол бізді қалдырмайды!» деген сөздеріне мұқият құлақ салыңыздаршы, олар «Мен Оған тәуекел еттім және өзімді Оның қорғауына тапсырдым! Ол бізді ұмытпайды және қорғауы мен қамқорлығынсыз қалдырмайды!» дегенді білдіретін еді. Сондықтан, егер адамдар сізді тастап кетсе де, сіз қолдаусыз, көмексіз

тасталған күйде қиыншылыққа тап болсаңыз да, жүрегіңізді Аллаһқа байлап: «Ол бізді қалдырмайды!», - деп айтыңыз.

Демек, Ибраһим пайғамбар әйелі мен баласын Мекке шөліне қалдырып, кетіп қалды. Елсіз, сусыз жерге тастап кеткен әйелі мен ұлынан айырылудың азабынан оның жүрегі ауырды, бірақ Жаратушының қалауы осы болды, ол оған бұлжытпай бағынды. Ибраһим оны әйелі көрмейтіндей тау асуынан өткенде, жүзін кейіннен сол сол жерде Қағба салынатын қыбыла жаққа бұрып, екі қолын көтеріп, Аллаһ Тағалаға шынайы ықыласты дұғамен жалбарынып, былай деді:

رَبَّنَا إِنِّي أَسْكَنْتُ مِنْ دُرِّيِّ بَوَادٍ غَيْرِ ذِي زَرْعٍ عِنْدَ بَيْتِكَ الْمُحَرَّمِ رَبَّنَا لِيُقِيمُوا الصَّلَاةَ فَاجْعَلْ أَفْنَدَةً

مِنَ النَّاسِ تَهْوِي إِلَيْهِمْ وَارْزُقْهُمْ مِنَ الثَّمَرَاتِ لَعَلَّهُمْ يَشْكُرُونَ

«Раббымыз! Ұрпақтарымның кейбірін егінсіз ойпатқа, Қорықты Үйдің (Қағбаның) жанына орналастырдым. Раббымыз! Олар намазды оқитын болсын! Енді адамдардың көңілін оларға ауатын қыл! Сондай-ақ оларды, жемістермен ризықтандыр! Әрине, олар шүкіршілік етер»

(«Ибраһим» сүресі, 37-аят).

Ұлымен жалғыз қалған Исмаилдың анасы оны емізіп, күйеуінің қалдырған суын ішті. Бірақ торсықтағы су таусылып, баласы екеуі шөлдей бастады. Ол баласына қарап, оның шөлдеп, қиналып жатқанын көрді. Баланың қиналғанын көрген ананың жүрегі нендей шыдатпайтын азапты бастан кешіретіні баршаға белгілі. Бұл көрініске шыдай алмай, сәбиіне ештеңемен көмектесе алмаған ол ұлы жатқан жерден әрірек кетуге шешім қабылдады. Ол өзіне ең жақын жер әс-Софа деп аталатын төбе екенін көрді. Ол оған көтеріліп, аңғарға бұрылды да, бұл жерде адамдар бар-жоғын тексере бастады, бірақ ол ешкімді көрмеді. Содан кейін ол әс-Софадан түсіп, ойпатқа жеткенде киімінің етегін көтеріп, шаршаған адам жүгіре алатындай жүгіріп, осы алқапты кесіп өтіп, әл-Маруа деген төбеге шықты. Ол адамдарды көруге үміттеніп, жан-жағына қайта-қайта қарады, бірақ ешкімді көрмеді. Сонда ол: «Баланың не істеп жатқанын көру керек!», - деп, ол жатқан жерге жеткенде, оның өлім қырылын шығарып жатқандай болғанын байқап: «Барып көрейін, біреуді көретін шығармын!», - деді. Ол тағы да әс-Софа төбесіне шығып, жан-жағына қарай бастады, бірақ ешкімді көрмеді және екі төбенің арасында осылай жеті рет жүгірді.

Оның екі төбенің – әс-Софа мен әл-Маруаның арасында жүгіруі – қажылық пен умра кезінде Аллаһтың үйіне жасайтын діни рәсімдерінің біріне себеп болды. Бұл рәсім «әс-сағһи» деп аталады.

Ол әл-Маруаға соңғы рет жеткенде, бір дыбысты естіп, өзіне іштей: «Сах!» («Тыныш!»), - деді, кейін оны қайтадан естіді. Ол естіген дыбысты кім шығарып жатқанын білмеді және оған бұрылып: «Сен маған өзіңнің дауысыңды естіртің, бірақ сенің маған көмектесуге мүмкіндігің бар ма?!», - деп сұрады. Сонда ол қазіргі Зәмзәм бұлағы тұрған жерден су атқылағанша жерді қанатымен ұрып тұрған періштені көрді.

Хажәр бұлақ көзінің қасында қолымен ойық жасап, торсығын суға толтыра бастады, бірақ ол оны толтырғаннан кейін де, су жер астынан ағып шыға берді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Аллаһ Тағала Исмаилдың анасын рахымына бөлесін! Егер ол Зәмзәмді қалдыра салып, одан су алмаса, ол ағын суға айналар еді!»,* - деп айтатын (хадисті әл-Бухари, 3364 жеткізген).

Хажар суды ішіп, баласын емізді, кейін әлгі Жәбірейіл болған періште оған: «Өлімнен қорықпаңдар, өйткені расында мұнда Аллаһтың Үйі болады, оны бұл бала мен оның әкесі салады және, расында, Аллаһ Өзінің жолын ұстаушыларды тастап қоймайды!», - деді.

Біраз уақыттан кейін арабтың журхум тайпасының адамдары осы жерге келіп, Исмаилдың анасының рұқсатымен Зәмзәм көзінің айналасына отбасыларымен қоныстанды. Исмаил ер жетіп, бұл адамдардан араб тілін үйренді. Олар оны қатты бағалады және кәмілет жасына жеткенде өз қыздарының біріне үйлендірді. Кейінірек Меккеге оның әкесі Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келді және олар бірігіп, жер бетіндегі алғашқы Жалғыз Аллаһқа құлшылық ететін ғибадатхананы – Қасиетті Қағбаны тұрғызды.

Бұл әлсіз әйел мен оның сәбиін сусыз әрі адамсыз шөл далада кім құтқарды? Аллаһ! Бұрын су болмаған жерден берекелі Зәмзәм бұлағын кім шығарды? Аллаһ! Жерден су атқылауы үшін, оның қалың қабаттарын қанатымен тескен Жәбірейіл періштені кім жіберді? Аллаһ! Осы алыстағы елсіз жерге осында қоныстанған, Исмаил мен оның анасының өмірін олардың қатысуымен безендірген адамдарды кім жіберді? Аллаһ! Расында, Аллаһ Тағала өзіне тәуекел еткендерді қорғайды. Расында, Аллаһқа тәуекел еткендер үшін Ол жеткілікті!

Бұл оқиғаны естіген кейбір надан адамдар Ибраһим пайғамбар осылай жасады деп ақталып, әйелі мен балаларын су да, тамақ та жоқ шалғай, елсіз жерге қалдыруға болады деп ойлап қалама ма деп қорқамыз. Жоқ! Бұндайды жасауға болмайды! Неліктен? Өйткені Ибраһим (ғаләйһи-с-сәләм) өзінің бұл амалын Аллаһтың бұйрығымен, Оның қасиетті қалауын орындап, Оның дана шешімін жүзеге асыру үшін жасады. Ал бізге болса Аллаһ Тағала өз қамқорлығымызда болғандарды қорғап, өзіміз бен отбасымызды өлімге тастауға тыйым салып:

وَلَا تُلْقُوا بِأَيْدِيكُمْ إِلَى التَّهْلُكَةِ

«Өздеріңді өлтірмеңдер!», - деді.

Оның үстіне, сіздің тәуекел етуіңізді мұның ең биік және қол жетпес үлгілерін көрсеткен Ибраһимнің тәуекелімен салыстыруға болады ма?

Ибраһим Аллаһқа толық тәуекел етсе де, сыртқы себептерді ескеріп, қолындағы мүмкіндіктер мен құралдарды пайдаланып, өзіне қолжетімді шараларды қолданғанына назар аударыңыз. Ол отбасына бір қап құрма мен бір торсық су қалдырды. Нағыз тәуекел осы! Адам өзіне қолжетімді сыртқы әрекеттерді орындап, мүмкін болған іс-шараларды жасауы керек, бірақ жүрегімен өзінің жасаған іс-шараларына емес, толығымен Аллаһқа байлануы керек.

Сондықтан да ғалымдар әрекет етуден бас тартып, сыртқы жағдайларды ескермейтін адамдарды – Аллаһтың даналағына қайшы келетін ақымақтар, ал себептерге байланғандарды – шынайы таухидті түсінбеген, иманы әлсіз адамдар деп атаған.

Ибн Аббас кезінде йемендіктер қажылыққа аттанып, өздерімен азық-түлік алмай: «Біз Аллаһқа тәуекел етеміз!», - деп айтатынын хабарлаған. Олар Меккеге келгенде, адамдардан тамақ сұрап, басқаларға жүк болатын. Сонда Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

وَتَزَوَّدُوا فَإِنَّ خَيْرَ الزَّادِ التَّقْوَى

«Азық алыңдар. Негізінде азықтың жақсысы тақуалық!»

(«Әл-Бақара» сүресі, 197-аят).

Бірде имам Ахмадқа өмір сүруіне қаражат тапқысы келмей: «Мен Аллаһқа тәуекел еттім!», - деген адам жайлы сұрақ қойылды, имам: «Адамдардың барлығы Аллаһқа тәуекел етуі керек, бірақ сонымен бірге өмір сүру үшін күнкөріс табуы қажет», - деп айтты.

Пайғамбарлар да жұмыс істеген. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұмысқа жалданған, Абу Бакр мен Умар да жұмыспен айналысқан. Олар: «Аллаһ Тағала бізге тамақ жібергенше отырып күтеміз», - деп айтпаған. Аллаһ Тағала былай деген:

اَنْتَشِرُوا فِي الْأَرْضِ وَابْتَغُوا مِنْ فَضْلِ اللَّهِ

«Жер жүзіне таралыңдар да, Аллаһтың мәрхаметінен несібе іздеңдер»

(«әл-Жумға» сүресі, 10-аят).

Имам әт-Тирмизидің жинағында, бірде бір адам Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уа Аллаһтың Елшісі! Ингенімді байлап, Аллаһ тәуекел етуім керек пе, әлде оны бос қалдырып, тәуекел етуім керек пе?», - деген сұрақпен жүгінгені келтіріледі. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):

اعْقِلْهَا وَتَوَكَّلْ

«Оны байлап, тәуекел ет», - деп жауап берді.

(хадисті әт-Тирмизи, 2517 және Ибн Хиббан, 731 жеткізген; әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Тәуекел ешбір жағдайда шарият тарапынан рұқсат, яғни халал етілген әрекеттер жасауға және рұқсат етілген себептер мен құралдарды қолдануға қайшы келмейді. Бірде Умар ибн әл-Хаттаб Йеменнен болған бір топ адамдарды көріп, олардан кімдер екенін сұрады. Олар: «Бәз тәуекел етушелерміз (мутәуәккилун)!\», - деді. Умар: «Жоқ! Сендер «мутәәккилунсіңдер»! (арамтамақсыңдар). Тәуекел етуші – жерге дән отырғызып, Аллаһқа тәуекел ететін адам», - деді.

Аса Жоғары Раббымыздан біздің жүректерімізге иманды, исламды сүйікті әрі күпірлік пен күнәларды жек көрінішті әрі бізді Өзінің шын тәуекел етуші құлдарынан етуін сұраймыз.

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі